ISSN (Print) 2616-7255
ISSN (Online) 2663-2489

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

# BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

# ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

**ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы**
**HISTORICAL SCIENCES. PHILOSOPHY. RELIGION Series**
**Серия ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ. ФИЛОСОФИЯ. РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ**

**№ 4(133)/2020**

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2020
Nur-Sultan, 2020
Нур-Султан, 2020

Бас редакторы: *тар.ғ.д., проф., академик, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті*
**Сыдықов Е.Б.** *Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

жауапты редактор (тарих) **Жанбосинова А.,** *тар.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

жауапты редактор (философия) **Ғарифолла Е.,** *философ.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

жауапты редактор (дінтану) **Смагулов М.,** *философ.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

***Редакция алқасы***

| | |
|---|---|
| **Аблажей Н.** | тар.ғ.д., проф., РҒА СБ Тарих институты, Новосібір, Ресей (Тарих) |
| **Аманжолова Д.** | тар.ғ.д., проф., РҒА СБ Ресей тарихы институты, Мәскеу, Ресей (Тарих) |
| **Алпысбес М.** | тар.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Тарих) |
| **Гасанов З.** | тар.ғ.к., проф., ҰҒА Археология және этнография институты. Баку, Әзербайжан (Тарих) |
| **Ковальская С.** | тар.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Тарих) |
| **Сактаганова З.Г.** | тар.ғ.д., проф., академик Е.А. Бөкетов атындағы Караганды университеті, Караганда, Қазақстан (Тарих) |
| **Адаева Г.** | философ.ғ.к., ассоц. проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Философия) |
| **Бурбаев Т.** | философ.ғ.к., ассоц. проф., ҚР жоғарғы соты жанындағы сот төрелігі академиясы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Философия) |
| **Дашковский П.** | тар.ғ.д., проф., Алтай мемлекеттік университеті, Барнаул, Ресей (Философия) |
| **Синан О.** | философ.ғ.д., проф., Коджаэли университеті, Коджаэели, Туркия (Философия) |
| **Толғамбаева Д.** | философ.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Философия) |
| **Шамахай С.** | PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Философия) |
| **Муминов А.** | тар.ғ.д., проф., Ислам ынтымақтастығы ұйымы жанындағы ислам тарихын, өнерін және мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICO), Кала, Түркия (Дінтану) |
| **Кабылова А.** | философ.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Дінтану) |
| **Сатершинов Б.** | тар.ғ.к., проф., ҚР БжҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Дінтану) |
| **Султонов У.** | тар.ғ.к., проф., Ғылым академиясының Бируни атындағы шығыстану институты, Ташкент, Өзбекістан (Религиоведение) |
| **Шаповал Ю.** | философ.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан (Дінтану) |
| **Ярош О.** | философ.ғ.к., Г.С.Сковорода атындағы философия институтының, Киев, Украина (Дінтану) |

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 402 б.
Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-457)
E-mail: vest_hist@enu.kz
Жауапты хатшы: **Тубышева А.А.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
ТАРИХИ ҒЫЛЫМДАР. ФИЛОСОФИЯ. ДІНТАНУ сериясы
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген.
27.03.18 ж. № 16994-Ж -тіркеу куәлігі. Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 7 дана. http://bulhistphaa.enu.kz/
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі ,13/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31 457)

**© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
Тарихи ғылымдар. Философия. Дінтану сериясы, №4(133)/2020**

**BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University.
Historical Sciences. Philosophy. Religion Series, 4(133)/2020**

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.
Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение, №4(133)/2020**

## МАЗМҰНЫ/CONTENT/СОДЕРЖАНИЕ

Бас редактордың алғы сөзі

Welcome speech of Editor-in-Chief

Вступительное слово главного редактора........................................ 7

***Аблажей Н.Н., Наземцева Е.Н.*** Батыс Қытайдағы қырғыз-қазақ босқындары мен орыс эмигранттары: босқын мәселесін шешу жолдары (РСФСР ҮКИД материалдары бойынша 1923 ж.)

***Ablazhei N.N., Nazemceva E.N.*** Kirghiz refugees and Russian emigrants in Western China: Ways of resolving the refugee question (Based on the materials of the People's Commissariat for Foreign Affairs of the Russian SFSR in the summer of 1923)

***Аблажей Н.Н., Наземцева Е.Н.*** Кирбеженцы и русские эмигранты в Западном Китае: пути решения беженского вопроса (по материалам НКИД РСФСР лета 1923 г.)........................ 13

***Айтмағамбетов Д.Р., Мустафа Г., Тұрсұн Х.М.*** Қазақ-түрік байланыстары тарихының бастапқы дереккөздері

***Aitmagambetov D.R., Mustafa G. Tursun H.M.*** Primary sources of the history of Kazakh-Turkish relations

***Айтмағамбетов Д.Р., Мустафа Г., Турсун Х.М.*** Первичные источники истории казахско-турецких взаимоотношений........................................ 24

***Амангелді Т., Сандыбаев Ж.С.*** Исламға дейінгі "Соғыс" ұғымы және оның қазіргі таңдағы жиһадпен байланысы

***Amangeldi T., Sandybayev Zh.S.*** The concept of the "war" in pre-Islamic period and its connection with the modern jihad

***Амангелди Т., Сандыбаев Ж.С.*** Концепция "войны" в доисламский период и ее связь с современным джихадом........................................ 33

***Атантаева Б.Ж., Камалжанова Т.А.*** Күнделікті өмірдегі депортация үрдісі: Шығыс Қазақстан өңірі бойынша деректер және материалдар

***Atantayeva B.Zh., Kamaljanova T.A.*** Deportation Everyday Life: sources and materials (in case of East Kazakhstan)

***Атантаева Б. Ж., Камалжанова Т.А.*** Депортационная повседневность: источники и материалы (на примере Восточного Казахстана)........................................ 42

***Башмаков А.А., Маслов Х.Б., Тулеубаев Ж.З.*** Қазақстандық бірегейліктің қайнар көздері және қоғамдық сананы жаңғырту

***Bashmakov A.A., Maslov H.B., Tuleubaev J.Z.*** Origins of Kazakhstan identity and modernization of public consciousness

***Башмаков А.А., Маслов Х.Б., Тулеубаев Ж.З.*** Истоки казахстанской идентичности и модернизация общественного сознания........................................ 63

***Жахина Т.С.*** Танымда логикалық және интуитивті білімнің арақатынасы

***Zhakhina T.S.*** Correlation of logical and intuitive knowledge in cognition

***Жахина Т.С.*** Соотношение логических и интуитивных знаний в познании........................ 71

***Кистаубаева А.К.*** Қазақтардың Францияға еңбек көші-қоны
***Kistaubayeva A.K.*** Labor immigration of Kazakhs to France
***Кистаубаева А.К.*** Трудовая иммиграция казахов во Францию........................................................ 77

***Нуртазина Н., Азмуканова А.*** Қазақстан тарихындағы әлеуметтік катаклизмдерді қабылдаудың исламдық ракурсы («Зар заман" мектебінің мұрасы мысалында»)
***Nurtazina N., Azmukhanova A.*** Islamic perspective on the social cataclysms in the history of Kazakhstan (on the example of the heritage of the school “Zar zaman”)
***Нуртазина Н., Азмуканова А.*** Исламский ракурс восприятия социальных катаклизмов в истории Казахстана (на примере наследия школы "Зар заман")...................................................... 87

***Пушкарева Н.Л.*** Ғылыми қоғамдастықты этнология әдістерімен зерттеу: гендерлік тәсілдің маңыздылығы
***Pushkareva N.L.*** Study of scientific community by methods of ethnology: gende
***Пушкарева Н.Л.*** Изучение научного сообщества методами этнологии: значимость гендерного подхода.............................................................................................................................................. 100

***Самашев С.К.*** Оғыз таңбалары
***Samashev S.K.*** Oghuz tamgas
***Самашев С.К.*** Огузские тамги.......................................................................................................... 117

*Құрметті әріптестер мен оқырмандар!*

Назарларыңызға журналдың кезекті нөмірі ұсынылды. Алдағы 2021 жыл қарсаңында біз оны дамытудың жаңа басымдықтарын белгіледік, оны іске асыруда редакциялық құрамның түбегейлі өзгеруіне, жаңа біліктілік рейтингтеріне қол жеткізу мақсатында жарияланатын мақалаларға қойылатын талаптардың күшеюіне негізделеді.

Журналдың бас редакторы ретінде мен ғылыми жарияланымдар этикасы жөніндегі комитеттің (Committee on Publication Ethics, COPE) «журнал редакторы үшін ең үздік тәжірибе қағидалары мен мінез-құлық кодексін» (Code of Conduct and Best Practice Guidelines for Journal Editors), жауапты редакторлар, редакциялық кеңес өз қызметінде баспа этикасы жөніндегі ережелерге сүйенетін болады (Publication Ethics Resource Kit, немесе PERK).

Тәжірибелік қызметте мақалалардың сапалы мазмұнын жақсарту, жаңа авторларды тарту үшін біз тақырыптық, арнайы журнал шығарылымдарын, арнайы конференция шығарылымдарын қолданамыз. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің мәртебесі ғылыми, инновациялық маңызы бар, ғылыми үлес қосатын және ғылыми жаңалыққа ие материалдарды жариялауға міндеттейді. Біздің журналдағы авторлық жарияланымдарға қойылатын академиялық талаптар Web of Science және Scopus халықаралық базалары журналдарының талаптары деңгейіне сәйкес келетін болады.

Бұл шығарылымда Мәскеу, Новосібір, Алматы, Қарағанды және Нұр-сұлтан қалаларының авторлары бар. Орыс авторларының құрамы ғылыми қоғамдастықта танымал ғалымдар Н.Л. Пушкарева мен Н.Н. Аблажеймен ұсынылған. Н.Л. Пушкареваның екі жүзден астам жұмысы басылымдарда жарияланған, әрі РҒДИ индекстейтін басылымдар болып табылады, дәйексөздер саны 6000-нан асады, ал Индекс Хирша - 41. Оның «Ғылыми қоғамдастықты этнология әдістерімен зерттеу: гендерлік тәсілдің маңыздылығы» атты мақаласы этнографиялық білімнің әдіснамасы мен әдістерін әлеуметтану мен социопсихологияда қолдануға баса назар аударады. Автор ғылым этнографының басты міндеті-ғалымның күнделікті практикалық іс-әрекетін зерттеу, «зертхана әлемін» құру, ғылыми қоғамдастықты әлеуметтік институционализациялау деп санайды. Н.Н. Аблажей мақаласы «Батыс Қытайдағы қырғыз-қазақ босқындары мен орыс эмигранттары: босқын мәселесін шешу жолдары (1923 жылғы жаздың РСФСР ҰКИД материалдары бойынша)», біздің новосібірлік серіктесіміз, өте қызықты тақырыпты – 1916 жылғы көтеріліс оқиғаларының назарында қырғыз және қазақ халқының (кирбежендер) және орыс эмигранттарының туралы баяндап, Батыс Қытайға жаппай эмиграциялау мәселелерін көтереді.

Бір мақала археологиялық зерттеулерге арналған: біздің университеттің докторанты С. Самашев әртүрлі жазбаша дереккөздер мысалында оғыз таңбаларының айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтап, мәселенің тарихнамасына ғылыми үлес қосты.

Авторлар ұжымы - Д.Р. Айтмағамбетов, М. Гиритлиоглу, М. Тұрсын және А.К. Қыстаубаева жалпы тарих мәселелерін қозғады. Алғашқы авторлардың «Қазақ-түрік байланыстары тарихының бастапқы дереккөздері» мақаласы түркі өркениеті тұжырымдамаларының фокусында қазақ-түрік қатынастары тарихы бойынша дереккөздерге талдамалы шолу болып табылады. Франция үкіметінің 1945-1980 жылдардағы иммиграциялық жұмысшылар мен қызметкерлерге қатысты саясатын талдау, А.К. Қыстаубаева «Қазақтардың Францияға еңбек көші-қоны» мақаласында ЕО елдеріндегі қазіргі заманғы көші-қон проблемаларын көрсетеді, автор қазақтардың Францияға еңбек көші-қон себептеріне назар аударды. «Зар заман» қазақ мектебінің рухани мұрасы туралы, оларды қазақтардың діні, этникалық санасы мен мәдениеті мәселелерін зерттеу кезінде балама тарихи көздер ретінде пайдалану қажеттілігі туралы «Қазақстан тарихындағы әлеуметтік катаклизмдерді қабылдаудың исламдық ракурсы («Зар заман» мектебінің мұрасы мысалында)» мақаласының авторлары Н. Нұртазина, А. Азмұқанова мәлімдеді. Қабаттасқан оқиғалар аясында өзекті - Атантаева Б.Ж., Камалжанова Т.А. авторлар-

дың «Күнделікті өмірдегі депортация үрдісі: Шығыс Қазақстан өңірі бойынша деректер және материалдар» мақаланың ішінде мемлекеттік оңалту комиссиясының мәселелері көтерілген. Еуропадағы радикалды ислам өкілдерінің террористік актілері аясында - Амангелді Т., Сандыбаев Ж.С. авторлардың «Исламға дейінгі «Соғыс» ұғымы және оның қазіргі таңдағы жиһадпен байланысы» тақырып бойынша материалдар ұсынылды.

Алдағы сайлау қарсаңындағы өзекті мәселелерді Қазақстанның Даму стратегиясының бағдарламалық ережелерінің негізінде «Қазақстандық бірегейліктің қайнар көздері және қоғамдық сананы жаңғырту» мақаласын А.А. Башмаков, х. Б. Маслов, Ж. З. Төлебаев біріккен авторлар ұжымы қарастырды. Классикалық философия Т.С. Жахинаның «Танымда логикалық және интуитивті білімнің арақатынасы»мақаласында ұсынылған.

*Құрметпен, бас редактор Е.Б. Сыдықов*

ХҒТАР 03.41

С.К. Самашев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: ssamashev@gmail.com)

# Оғыз таңбалары

**Аңдатпа.** *Тарихы VIII–XIII гг. қамтитын оғыздар қазіргі түркі халықтарының этникалық қалыптасуына зор ықпалын тигізген. Жиырма төрт рудан құралған оғыз тайпасы ортағасырлық Еуразия даласының түркілену үдерісіне себепші болған. Әзірше Жетісу, Сыр бойы және Батыс Қазақстаннан табылып отырған оғыз таңбаларының басқа да түркі халықтары қоныстанған жерлерден кездесуі осының дәлелі.*

*Бүгінде оғыз таңбалары көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің назарында болғанымен, көбіне оның шежіретанушылық, мәдениеттанушылық қырлары талданып жатады. Негізінде таңбаларды толыққанды дерек ретінде қабылдайтын болса, олардың көмегімен оғыз тайпаларының таралу жағырафиясын нақтылау, саяси-экономикалық белсенділігін таразылау, түркі халықтарының өзара туыстық жақындықтарын анықтау сынды Қазақ даласының ортағасырлық тарихына қатысты бірқатар мәселерді шешуге болады.*

*Мақалада оғыз таңбаларының түрлі деректерде келтірілген айырмашылықтары мен ұқсастықтары, түркі әлеміндегі параллельдігі және зерттелу деңгейі кеңірек қарастырылған. Алдын-ала зерттеу нәтижелері қазақ, түрік, әзірбайжан, түркімен, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт халықтарының арасында (ескерткіштерінде) оғыздың руларының таңбалары күні бүгінге дейін сақталғанын көрсетіп отыр. Бұл аталған халықтар қоныстанған аймақтардың оғыз таңбаларының таралу уақыттарында белгілі бір дәрежеде түркі бірлігінде/түркі иелігінде болғанын байқатады.*

**Түйін сөздер:** *оғыз тайпалары; орта ғасырлар; таңба; белгі; таңбатану; түркі халықтары.*

**DOI: https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-133-4-117-127**

**Кіріспе.** Ортағасырлық қазақ даласы түбі бір түркі халықтарының алғашқы мемлекеттері бой көтерген тарихи-мәдени аймақ. Жалпы адамзат тарихына ортақ өркениеттердің ошағы саналатын Еуразиялық Ұлы дала белдеуінің жүрегінде орналасқан бұл өлкенің тарихын зерттеудегі маңызды деректердің бірі – таңбалар. Таңбалар жер бетіндегі адамзат баласының барлығына ортақ, түп-тамыры тереңде жатқан құбылыс. Қазақстан жерінде алғашқы белгілері тас дәуірінде байқалып, қола кезеңінде үлкен бір жүйеге айналған таңбалар [1, 14-15 бб.] ежелгі адамдар арасындағы айрықша қатынас құралы болды. Оның дерек ретіндегі маңыздылығы мен күрделілігі қатар жүреді. Соңғы жылдары түркі тілдес елдердің зерттеушілері тарапынан аталмыш тақырыпқа қызығушылықтың артуы себепті мәселенің түрлі аспектілерін қамтыған зерттеу еңбектерінің саны көбейіп, деректер қоры күрт өсті. Осы еңбектердің арқасында Қазақстанның ортағасырлық халықтарына тән таңба-белгілердің тарихи жағырафиясы, хронологиялық шеңбері біршама айқындалып қалды. Таңбалардың генезисі, этномәдени тиесілілігі, қызметі, ішкі мәні тәрізді кейбір мәселелерді қайтадан қарастыру қажеттілігі

туды. Зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізу әдіснамасының жалпыға ортақ нұсқасының қалыптаспағандығы белгілі болды.

Қазақ таңбатануындағы осындай өзекті мәселелердің бірі – оғыз таңбаларының зерттелуі. Негізінен Сырдарияның орта және төменгі ағысын, сондай-ақ оған жапсарлас жатқан Қазақстанның батыс далаларын мекен етіп, IX–X ғғ. мемлекет құрған оғыз тайпалары өздерінің көші-қон және жаугершілік әрекеттерінің арқасында қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түркімен, өзбек, қарақалпақ, ноғай, әзірбайжан халықтарының және Анадолы түріктерінің этникалық қалыптасуына өз үлесін қосты [2, 7 б.]. Оғыздардың бастапқы орналасқан жері Орта Азияның оңтүстік-шығыс аймақтары болса керек, ал ерте оғыз тобының құралған жері Батыс Жетісу деп саналады [3, 312 б.]. Қазіргі уақытта оғыз таңбалы ескерткіштер Жетісудан, Сыр бойынан және Батыс Қазақстаннан табылып отыр. Олардың ең ертесі Жетісу аймағының ескерткіштеріне тән [4, 61 б.]. Оғыз таңбаларының тарихи, археологиялық, этнологиялық, мәдениеттанушылық, өнертанушылық қырынан жан-жақты қарастырған еңбектердің негізгі бөлігі түрік ғалымдарының еншісінде [5, 431 б.].

**Әдіснама.** Тарих ғылымының басқа салаларымен салыстырғанда таңбатану бағытының әдіснамалық мәселелері шешілмеген күйінше қалып отыр. Отандық таңбатанушылық мектептің болмауы себепті нақты зерттеушілік бағдарлар белгіленбеді, міндеттер қойылмады, сәйкесінше зерттеулер жүйелі түрде жүргізілмеді. Яғни таңбаларды әртүрлі сала мамандары өздерінің білім-тәжірибе деңгейіне және зерттеушілік міндеттеріне сәйкес талдап келгендіктен әзірше ортақ әдіснама қалыптаса қойған жоқ. Қазақстан археологтары таңбаларды зерттеу барысында негізінен петроглифтану аясында қолданылатын әдістерге жүгінеді. Бірақ петроглифтану әдістері таңбатану саласында қордаланып қалған мәселелерді толығымен шешуге қауқарсыз.

Дегенмен автор қарастырылып отырған тақырыптың мазмұнын ашу үшін сандық талдама, салыстырмалы-салғастырмалы талдама, контент-талдама, дискурс-талдама, нарративтік әдіс тәрізді кейбір жалпыға ортақ тәсілдерді қолданып, қазіргі Қазақстан аумағынан табылған және ғылыми айналымға енгізілген оғыз таңбаларының сандық талдауын жасады, ортақ және ерекше сипаттамаларын анықтады, нышандық байланыстарын қарастырды, жазбаша деректер мен халық ауыз әдебиетіндегі ақпараттарды салыстырып шықты.

**Талқылау нәтижелері.** Түрік ғалымы Т. Гүленсой өз еңбегінде оғыз таңбалары келтірілген 5 дерек бар деп санамалап өтіп, солардың негізінде оғыз таңбаларының салыстырмалы жиынтық кестесін жасап ұсынған [6, 62-63 бб.]. Кейінірек М. Тезжан өзінің магистрлік диссертациясында Т. Гүленсойдың бұл мәліметтерін нақтылай түседі [7, 246-264 бб.]. Бірінші дерек – XI ғ. екінші жартысына жатқызылатын Махмұд Қашғаридың «Диуани луғат ат-түрк» еңбегі [8, 101-102 бб.], екінші дерек – XIII ғ. соңы – XIV ғ. басында өмір сүрген Рашид ад-диннің «Жамиғ Ат-Тауарих» еңбегі [9, 88-90 бб.], үшінші дерек – XV ғ. басында II Мұрат сұлтанның тұсында жазылған Языжыоғлы Әлидің «Селжұкнаме» еңбегі [10, 12-14 бб.], төртінші дерек – XVI ғ. Шахид Осман жазып, Мехмед Синан Боснави көшірмесін жасап шығарған «Хюнернаме» еңбегі [11, 29-32 бб.], бесінші дерек – XVII ғ. екінші жартысына жатқызылатын Әбілғазының «Түрік шежіресі» еңбегі [12, 48-52 бб.].

Жалпы, оғыз тайпаларының саны туралы деректер әртүрлі болып келеді. Оғыздардың бөлінісі туралы мәліметтерді зерттеушілер олардың Үш Оғыз, Сегіз Оғыз, Тоғыз Оғыз, Он Оғыз, Отыз Оғыз болып бөлінгені туралы деректер бар екендігін айтады [2, 123 б.]. Түрік сөздігінде оғыздардың 24 тайпасының аты аталып, 22 тайпасының таңбасы келтіріледі [8, 101-102 бб.]. Ал Әл-Марвази болса оғыздардың 12 тайпасы туралы ғана мәлімет қалдырған [3, 314 б.]. Бұл жағдайды авторлар оғыздар бозоқ, үшоқ болып екі фратрияға бөлінгендіктен, тек олардың бір бөлігі ғана қамтылған болуы мүмкін деген ой айтады [Бұл да сонда].

М. Тезжан болса бұл жайында М. Қашғари оғыз бірлестігі 24 рудан тұрады дегенімен 22 рудың таңбасын ғана келтіруі қалған екі ру саны жағынан аз Қалаш тайпаларының өкілдерінен құралғандығымен байланысты дейді [7, 248 б.]. Сондай-ақ ол В.В. Бартольдке сүйене отырып, оғыз таңбаларының М. Қашғаридің еңбегінде 22, Рашид ад-динде 24 болып келуі оғыз тайпаларының саны сол дәуірде, яғни, XI ғ. 22 болуымен байланысты деген ой айтады [Бұл да сонда]. В.В. Бартольд М. Қашғаридың мәтінінде келтірілген таңбалар мен Рашид ад-диннің мәтінінде көрсетілген таңбалардың арасында зор айырмашылық бар деп атап өтеді [13, 575 б.].

Оғыз таңбаларының түрлі деректерде келтірілген айырмашылықтары мен ұқсастық-тарын, түркі әлеміндегі параллельдігін және зерттелу деңгейін кеңірек қарастыру төмендегідей нәтиже беріп отыр.

***Қайы*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.]; Язызыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.] (А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстандағы Тамғалыжар ескерткішінде [15, 293 б.]; Түркияның Бурса жерінде , [6, 86-87 бб.]; Әзірбайжанның Кашкай жерінде [16, 138 б.]; түркімендердің Теке руында [17, 205 б.]; Қырғыздың Чекир Саяк руында [17, 205 б.]; башқұрттың Тамян, Кудей руларында , кездеседі [18, 397 б.]. Татарлар мен ноғайлар арасында кездесетіні туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Баят*** руының таңбасы: М. Қашғарида , [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язызыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстандағы Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата ескерткіштерінде , [19, 454], Тамғалыжар ескерткішінде , , [20, 133 б.]; Түркияның Бурса жерінде [6, 86-87 бб.], Караджабей жерінде [6, 92 б.]; түркіменнің Теке руында , [17, 206 б.]; қырғыздың Солто руында [17, 206 б.], Саяк руында [17, 205 б.], Басыз руында [17, 206 б.]; Қырым татарларының Буюк-ас бейітінде [21, 5 б.]; башқұрттардың Тамян руында кездеседі [18, 397 б.]. Ноғайлар арасында кездесетіні туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Алқауйлі (Алқабөлік)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.]; Язызыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.]. Түркияның Бурса жерінде , [6, 88 б.], Караджабей жерінде , [6, 89 б.]; Әзірбайжанның Кушчу жерінде [16, 138 б.]; ноғайдың Түрікпен руында [22, 140 б.]; башқұрттың Тамян руында кездеседі [18, 397 б.]. Қазақстанда, түркімендерде, қырғыздарда, Қырым татарларында кездесуі туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Қарауйлі (Қарабөлік)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язызыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қараноғай ішіндегі Ергенеклі руының [22, 141 б.] таңбасымен ұштастырылады. Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан аумақтарында, түркімен, қырғыз, Қырым татарлары, ноғай, башқұрттарда кездесуі туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Йазыр*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.], (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язызыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Әзірбайжанның Мейсары жерінде [16, 138 б.]; қырғыздың Саяк руында кездеседі [17,

207 б.]. Қазақстан, Түркия аумақтарында, түркімен, Қырым татарлары, ноғай, башқұрт арасында кездесуі туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Дөгер (Төгәр)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қырғыздың Саруу руында кездеседі [17, 207 б.]. Қалған түркі халықтарында кездесуі туралы қолымызда әзірше дерек ұшыраспады.

***Додырға (Түтірқа)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.]; А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстандағы Қошқар ата ескерткішінде [19, 455 б.]; Түркияның Караджабей жерінде , [6, 89, 92 бб.]; түркіменнің Йомут руында [17, 206 б.]; қырғыздың Саруу руында [17, 206 б.]; Қырым татарларының Кирлеут бейітінде кездеседі [21, 4 б.]. Әзірбайжанның, ноғай, башқұрт арасында кездесуі туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Япарлы*** руының таңбасы: М. Қашғарида *жоқ*; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 12 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 49 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Әзірбайжанның Мейсары жерінде [16, 138 б.]. Қалған түркі халықтарында кездесуі туралы әзірше дерек ұшыраспады.

***Афшар*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстандағы Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата, Үштам, Дәукескенқала, Ай ата ескерткіштерінде [19, 455 б.], Кентті баба ескерткішінде [19, 455 б.]; Түркияның Битлиш, Нигде жерлерінде , [7, 264 б.]; Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 93 б.]; Әзірбайжанның Гямигая жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Теке руында [17, 206 б.]; қырғыздың Саяқ руында [17, 206 б.]; Қырым татарларының Абузлар бейітінде [21, 4 б.]; башқұрттың Кудей руында – , кездеседі [18, 397 б.]. Ноғай арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Қызық*** руының таңбасы: М. Қашғарида *жоқ*; Рашид ад-динде [9, 88 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.]; А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстандағы Мерет кесенесінде [19, 455 б.], Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата, Үштам, Дәукескенқала, Ай ата ескерткіштерінде [19, 455 б.], Кентті баба ескерткішінде [19, 455 б.]; Түркияның Нигде, Амасия жерлерінде [7, 264 б.]; Қырым татарларының Семен бейітінде [21, 5 б.]; башқұрттың Өсерген, Сураш руларында [18, 397 б.] кезедеседі. Әзірбайжан жерінде және түркімен, қырғыз, ноғай руларында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Бектілі (Бәктілі)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 249 б.]); Язынжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 62 б.]; А.Н.


ISSN: 2616-7255, eISSN: 2663-2489

Кононовтың нұсқасында ♉ [14, 53 б.]). Түркияның Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 94 б.]; Әзірбайжанның Гямигая жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Теке руында X, SS [17, 206 б.]; қырғыздың Мунгуш руында X [17, 205 б.], Моңолдар руында S [17, 206 б.]; башқұрттың Тангаур, Ун руларында ∩, [18, 397 б.] кездеседі. Қазақстан жерінде және Қырым татарлары мен ноғайлар арасында кездесуі туралы әзірше дерек жоқ.

***Қарқын*** руының таңбасы: М. Қашғарида *жоқ;* Рашид ад-динде [9, 89 б.]; Языжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда //[12, 50 б.] (А.Н. Кононовтың нұсқасында //[14, 53 б.]). Қазақстанның Шопан ата, Масат ата, Қошқар ата ескерткіштерінде [19, 455 б.]; Қырым татарларының Беш плав бейітінде VI [21, 5 б.]; Ақноғай ішіндегі Дормон руында және Қараноғай ішіндегі Қырықру, Байтеге, Үйсін руларында // [22, 137, 141 бб.] кезедеседі. Түркия, Әзірбайжан жерлерінде және түркімен, қырғыз, башқұрт руларының арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшырасқан жоқ.

***Байындыр*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде , [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында ♉ [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстанның Қошқар ата, Бармақ, Қазбайыр, Қостам (Түпқараған) ескерткіштерінде, Мерет кесенесінде , , [19, 454 б.], Қошқар ата ескерткішінде [19, 454 б.], Қостам ескерткішінде [19, 454 б.], Шопан ата ескерткішінде [19, 454 б.], Арпаөзен ескерткішінде [15, 289 б.]; Түркияның Ахлат жерінде [7, 264 б.], Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 91 б.]; Әзірбайжанның Шемахы жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Юмурт руында ♈ [17, 205 б.]; қырғыздың Саруу руында ♈ кезедеседі [17, 205 б.]. Қырым татарлары, ноғай және башқұрт арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Бежене (Бәчәнәк)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 50 б.] (А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Түркіменнің Теке руында [17, 205 б.]; қырғыздың Баарын руында кездеседі [17, 205 б.]. Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан жерлерінде және Қырым татарлары, ноғай, башқұрт арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Жауындыр (Жауылдыр)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 13 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында ∪ [14, 53 б.]). Қазақстанның Шопан ата, Масат ата, Сейслам ата ескерткіштерінде ⌒, Шопан ата, Сейслам ата, Тамғалыжар ескерткіштерінде ∪ [19, 454 б.; 15, 293 б.], Қанға баба ескеркішінде [19, 455 б.]; Түркияның Ахлат, Диярбақыр, Игдир, Сиваш, Амасия, Кайсери, Нигде жерлерінде , , , , , , , [7, 264 б.], Караджабей жерінде , [6, 92 б.]; түркіменнің Салыр руында ) [17, 205 б.]; қырғыздың Төөлөс руында [17, 205 б.], Солто және Саруу руларында ∩, ∪ [17, 206 б.]; Қырым татарларының Таулы Евпатория бейітінде кезедеседі [21, 4 б.]. Әзірбайжан жерінде және ноғай мен башқұрт руларында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Шебни*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде ⊤[9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда ⊤ [10, 13 б.]; Хюнернамеде

[11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.]; Қазақстанның Шопан ата, Қошқар ата ескерткіштерінде [19, 455 б.]; Түркияның Нигде жерінде [7, 264 б.], Бурса жерінде [6, 93]; Әзірбайжанның Мейсари жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Сарык руында [17, 206 б.]; қырғыздың Багыш руында [17, 206 б.]; Қырым татарларының Хдыр-бали, Таулы Евпатория бейіттерінде [21, 4 б.], Танабай бейітінде , , [21, 5 б.], Баккал бейітінде [21, 5 б.], Беш-плав бейітінде [21, 5 б.]; Ақноғай ішіндегі Найман және Қараноғай ішіндегі Сарайлы руларында [22, 137, 141 бб.]; башқұрттың Бөрзен және Ягалбай руларында [18, 397 б.], Тамян және Кудей руларында [18, 397 б.] кездеседі.

***Салур*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда ,[12, 51 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстанның Шопан ата, Шақпақ ата, Сауысқандық ескерткіштерінде , [19, 454 б.; 15, 290 б.], Қошқар ата, Шақпақ ата, Қазбайыр ескерткіштерінде және Мерет кесенесінде [19, 454 б.]; Шопан ата ескерткішінде , [19, 454 б.], Қошқар ата, Құсшы ата ескерткіштерінде , , [19, 454 б.]; Түркияның Ахлат, Кайсери, Нигде жерлерінде , , , [7, 264 б.], Караджабей жерінде [6, 91 б.]; түркіменнің Теке руында [17, 206 б.]; қырғыздың Канды руында [17, 206 б.]; Қырым татарларының Карагурт бейітінде [21, 4 б.], Таулы Евпатория бейітінде [21, 5 б.]; башқұрттың Күдей руында , , [18, 397 б.] кездеседі. Әзірбайжан жері мен ноғай рулары арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Имур (Әймур)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында – [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Түркияның Диярбақыр жерінде [7, 264 б.], Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 90 б.]; Әзірбайжанның Вейселли жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Теке руында [17, 206 б.]; қырғыздың Адигине руында [17, 206 б.], Баарын руында [17, 207 б.]; Қырым татарларының Таулы Евпатория бейітінде [21, 4 б.]; башқұрттың Өсерген, Сураш руларында [18, 397 б.] кездеседі. Қазақстан жерінде және ноғай руларында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Алаүйінтілі*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 89 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.]. Түркияның Караджабей жерінде [6, 92 б.]; Әзірбайжанның Шемахы жерінде [16, 138 б.]; Қырым татарларының Кырк-Чолпан бейітінде [21, 4 б.], Семен бейітінде [21, 5 б.] кездеседі. Қазақстан жерінде, түркімен, қырғыз, ноғай және башқұрт руларында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Юрегир (Уркиз)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 90 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Языжыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.] (А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстанның Құлжабасы, Аққөл петроглифтерінде ; Түркияның Караджабей жерінде [6, 89 б.]; башқұрттың Тангаур, Ун руларында , , [18, 397 б.] кездеседі. Әзірбайжан жерінде және түркімен, қырғыз, Қырым татарлары мен ноғайлар арасында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.


*ISSN: 2616-7255, eISSN: 2663-2489*

***Игдыр (Бекдир)*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 102 б.]; Рашид ад-динде [9, 90 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Язычыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қазақстанның Шопан ата, Қырғын (Үстірттің батысы), Белеулі ескерткіштерінде , [19, 454 б.]; Түркияның Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 93 б.]; Әзірбайжанның Кашкай жерінде [16, 138 б.]; түркіменнің Бага руында [17, 206 б.]; қырғыздың Саруу руында кездеседі [17, 206 б.]. Қырым татарларында, ноғай, башқұрт руларында кездесуі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

***Бүгдыз*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 90 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Язычыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 51 б.]. Қазақстанның батыс Жетісу аймағындағы Қотыр жазығында кездеседі [15, 267 б.]. Біз қарастырып отырған басқа түркі халықтарында кездесуі туралы деректер әзірше ұшыраспады.

***Ийва*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 90 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Язычыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 52 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Қырғыздың Саруу руында [17, 206 б.]; башқұрттың Кудей руында [18, 397 б.] кездеседі. Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан жерлерінде, сондай-ақ түркімен, Қырым татарлары мен ноғай руларында кездесуі туралы деректер әзірше ұшыраспады.

***Қынық*** руының таңбасы: М. Қашғарида [8, 101 б.]; Рашид ад-динде [9, 90 б.] (М. Тезжанның нұсқасында [7, 250 б.]); Язычыоғлыда [10, 14 б.]; Хюнернамеде [11, 29-32 бб.]; Әбілғазыда [12, 52 б.] (Т. Гүленсойдың нұсқасында [6, 63 б.], А.Н. Кононовтың нұсқасында [14, 53 б.]). Түркияның Ахлат, Битлиш, Нигде жерлерінде , , Мұстафа Кемалпаша жерінде [6, 89 б.]; түркіменнің Теке руында , [17, 205 б.]; қырғыздың Бөрү руында [17, 205 б.], черик руында [17, 205 б.]; Қырым татарларының Баккал бейітінде [21, 5 б.]; ноғай халқындағы Қараноғай ішіндегі Қазаяқлы руында [22, 141 б.]; башқұрттардың Бөрзен, Ягалбай руларында , кездеседі [18, 397 б.]. Қазақстан, Әзірбайжан жерлерінде кездесетіндігі туралы дерек әзірше ұшыраспады.

Бір ескерте кететін жайт, оғыз таңбаларын түркі халықтарындағы белгілі бір руға телінуі осыған дейін ғылыми айналымға енгізілген жазба деректердің негізінде жүргізілді. Бұл мақала алдын-ала зерттеу болғандықтан жоғарыда сілтеме жасалған деректерде келтірілген мәліметтердің дұрыс-бұрыстығын тексеру мақсаты қойылмады. Кейін көлемді зерттеулер жүргізу үшін әзірше тек жинақтау жасалды.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелері мақалада қарастырылған қазақ, түрік, әзірбайжан, түркімен, қырғыз, татар, ноғай, башқұрт халықтарының арасында (ескерткіштерінде) оғыз таңбаларының күні бүгінге дейін сақталғанын көрсетіп отыр. Бұл жағдай оғыздардың аталған халықтардың этникалық қалыптасуына өз үлесін қосқанын дәлелдей түседі. Сондай-ақ қарастырылған халықтар қоныстанған аймақтардың оғыз таңбаларының таралу уақыттарында белгілі бір дәрежеде түркі бірлігінде/түркі иелігінде болғанын байқатады.

Жекелей қарастырғанда мақалада келтірілген сегіз халықтың барлығында кездесетіні – Шебни руының таңбасы, ал ең сирегі – Қараүйлі, Дөгер, Япарлы, Бұғдыз, Йазыр, Бежене, Ийва, Қарқын, Алаүйінтілі, Юрегир

руларының таңбалары екендігі анықталды. Жиі ұшырасатындардың қатарына – Қайы, Афшар, Баят, Салур, Имур, Қынық, Додырға, Бектілі, Байындыр, Жауындыр, Игдыр руларының таңбалары жатады. Таңбаларды зерттеу нәтижесінде алынған осы көрсеткішті басқа деректермен сәйкестендіре отырып қарастырған жағдайда оғыз руларының ішіндегі қайсыларының саны жағынан басым болғандығын, саяси-экономикалық белсенділіктерін анықтауға болады деп санаймыз. Сондай-ақ бұл нәтиже оғыз руларының таралу жағырафиясын дәлірек анықтауға және осыған дейінгі ғылыми байламдарды нақтылай түсуге мүмкіндік береді.

**Қаржыландырылуы.** Мақала Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих факультетінде «Археология және этнология» мамандығы бойынша докторантурада оқу аясында жазылды.

**Әдебиеттер тізімі**

1 Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Древнетюркские тамги / З. Самашев, Н. Базылхан. - Алматы: Абди компани, 2010. -168 с.

2 Кошымова А.О. VIII–XIII ғасырлардағы Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны. Философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы, 2019. -168 б.

3 Нусупбеков А.Н. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том I. /А.Н. Нусупбеков. - Алма-Ата: Наука, 1977. - 479 с.

4 Рогожинский А.Е. Знаки собственности и власти древних и средневековых обитателей казахской степи // Археологическое наследие Сибири и Центральной Азии (проблемы интерпретации и сохранения): материалы международной конференции. - Кемерово: Кузбассвузиздат, 2016. С. 53-63.

5 Samashev S. Türk Dünyasındaki Damgalarda Ortak Özellikler // Uluslararası Türk Kültürü Sempozyumu. Dil-Tarih-Goğrafya. Ankara, 6–8 aralık 2019. S. 430-440.

6 Gülensoy T. Orhun'dan Anadolu'ya türk damgaları / T. Gülensoy. – Istanbul: Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1989. - 179 s.

7 Tezcan M. Eski türklerde damga (yüksek lisans tezi) /M. Tezcan. - Erzurum: Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1990. - 112 s.

8 Dankoff R., Kelly J. Mahmûd.el-Kaşğari. Compendium of The Turkic Dialects / Dankoff R., Kelly J. – Cambridge: Harvard Üniversitesi Basımevi, 1982. - 416 s.

9 Рашид-Ад-Дин. Сборник летописей / Рашид-Ад-Дин. - Москва: Академия Наук СССР, 1952. - 221 с.

10 Yaziğizade Ali Efendi. Tevârîh-i Âl-i Selçûk // تواريخ آل سلجوق. Histoire des Seldjoukides, écrite en langue turque, par Yaziğizade Ali Efendi, sur les ordres du sultan osmanli Mourad II, fils de Mohammed Ier (824-855 de l'hégire = 1421-1451). Manuscrit. Bibliothèque nationale de France. Départment des Manuscrits. Supplément turc 737 Available at: https://archivesetmanuscrits.bnf.fr/ark:/12148/cc34672z (accessed 10.10.2020)

11 Seyyid Lokman. Hünernâme. Topkapı Sarayı Müzesi Ktp. No. 1523, V. 29a-32b.

12 Ebülgazi Bahadır Han. Türklerin soy kütüğü - şecere-i terakime / Ebülgazi Bahadır Han. - İstanbul: Tercüman Yayınlari, 1980. -102 s.

13 Бартольд В.В. Сочинения. Том 2. Часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы / В.В. Бартольд. Москва: Наука, 1963. - 1024 с.

14 Кононов А.Н. Родословная Туркмен. Сочинение Абу-л-Гази Хана Хивинского /А.Н. Кононов. - Москва: Академия Наук СССР, 1958. - 285 с.

15 Рогожинский А.Е. Средневековые тамги-петроглифы Южного Казахстана и Семиречья. Тамги доисламской Центральной Азии /А.Е. Рогожинский. - Самарканд: МИЦАИ, 2019. – 295 с.

16 Ağasıoğlu F. Azərbaycan türklərinin İslamaqədərki tarixi. (Doqquz Bitik) III Bitik: Azərbaycanda qurulan qədim dövlətlər / Ağasıoğlu F. – Bakı: Ağrıdağ nəşriyatı, 2014. - 310 s.

17 Karatayev O.K., Kalkan M. Kırgızların-oguzların (Türkmenlerın) tarıhı ve etnık bagları // Sosyal Bilimler dergizi. KTMY. - Bişkek: 2003. S. 199-207

18 Aksoy M. Tarihin sessiz dili damgalar / Aksoy M. - Istanbul, 2014. – 440 p.

19 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона) / С.Е. Ажигали. - Алматы: Гылым, 2002. - 654 с.

20 Марғұлан Ә. «Тамғалы тас» жазуы. Орта ғасырда қазақша тасқа бедерленген белгілер // Жұлдыз журналы, №1, 1984. 132-137 б.

21 Акчокраклы О. Татарские тамги в Крыму / Акчокраклы О. – Симферополь, 1927. - 16 с.

22 Güllüdağ N. Türklerde Damga Geleneği ve Nogay Türkleri'nin Damgaları Üzerine Bir İnceleme // Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, C.3, S.6, Türkiye, S. 132-150 (2015).

**С.К. Самашев**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

**Огузские тамги**

**Аннотация.** Огузы, чья история становления и развития охватывает период VIII–XIII вв., играли важную роль в процессе формирования современных тюркских народов. Огузские племена, состоявшие из 24 родов, заложили процесс тюркизации народов средневековых евразийских степей. Свидетельство тому – схожесть огузских тамг, обнаруженных на территории Жетысу, Сырдарьи и Западного Казахстана, с тамгами других тюркоязычных народов.

На сегодняшний день огузские тамги привлекают внимание многих отечественных и зарубежных исследователей, однако пока ученых интересуют лишь генеалогические и культурологические аспекты. В случае восприятия тамг в качестве полноценного источника можно решить некоторые проблемы изучения средневековой истории Великого пояса степей, например, такие как уточнение географии распространения огузских племен, анализ их политической и экономической активности, а также определение степени родства тюркских народов между собой.

В статье рассмотрены выраженные различия и сходство огузских тамг в разных письменных источниках, синхронность существования тамг в тюркском мире и степень изученности проблемы в целом. Результаты предварительных исследований указывают на наличие и сохранность (по памятникам) огузских тамг среди казахов, турков, азербайджанцев, киргизов, татар, туркменов, ногайцев, башкир. Это, в свою очередь, указывает на существование тюркского единства на рассматриваемых территориях в периоды распространения огузских тамг.

**Ключевые слова:** огузские племена; средневековье; тамга; знак; тамговедение; тюркские народы.

**S.K. Samashev**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Oghuz tamgas**

**Abstract.** The Oghuz, whose history of emergence and development lies in the period of the VIII–XIII centuries, played a significant role in the formation of modern Turkic peoples. The Oghuz tribes consisted of 24 families. They started the process of Turkization of the peoples of the medieval Eurasian steppes. The evidence of it is the similarity of Oghuz tamgas found on the territory of Zhetysu, Syr Darya and Western Kazakhstan with tamgas of other Turkic-speaking peoples.

Today Oghuz tamgas attract the attention of many domestic and foreign researchers, but scientists are only interested in genealogical and cultural aspects so far. In case tamgas are perceived as a full-fledged source, some problems related to the studies of the medieval history of the Great belt of steppes can be solved, for example, such as clarifying the geography of distribution of the Oghuz tribes, analyzing their political and economic activity, as well as determining the degree of kinship of the Turkic peoples among themselves.

The article considers the pronounced differences and similarities of Oghuz tamgas in different written sources, the synchronicity of the existence of tamgas in the Turkic world, and how well the problem is studied.

The results of preliminary research indicate the presence and preservation (based on the monuments) of Oghuz tamgas among Kazakhs, Turks, Azerbaijanis, Kirghiz, Tatars, Turkmens, Nogais, Bashkirs. This, in turn, indicates the existence of Turkic unity in the researched territories during the periods of the proliferation of Oghuz tamgas.

**Key words:** Oguz tribes; middle ages; tamga; sign, tamgas' studies; Turkic peoples.

**References**

1 Samashev Z., Bazylhan N., Samashev S. Drevnetyurkskie tamgi [Ancient Turkic tamga-signs] (Abdi compani, Almaty, 2010, 168 p.) [in Russian]

2 Koshymova A.O. VIII–XIII gasyrlardagy Ogyzdardyn turki halyktarynyn etnogenezinin kalyptasuyndagy orny [The role of the Oguzs in the formation of the ethnogenesis of the Turkic peoples in the VIII-XIII centuries. Ph.D. thesis]. Almaty, 2019. 168 p. [in Kazakh]

3 Nusupbekov A.N. Istoriya Kazahskoj SSR (s drevnejshih vremen do nashih dnej) [History of the Kazakh SSR (from ancient times to the present day)] (Nauka, Alma-Ata, 1977, 479 p.) [in Russian]

4 Rogozhinskij A.E. Znaki sobstvennosti i vlasti drevnih i srednevekovyh obitatelej kazahskoj stepi [Signs of ownership and power of the ancient and medieval inhabitants of the Kazakh steppe], Arheologicheskoe nasledie Sibiri i Central'noj Azii (problemy interpretacii i sohraneniya): materialy mezhdunarodnoj konferencii [Archaeological Heritage of Siberia and Central Asia (Problems of Interpretation and Preservation): Proceedings of an International Conference] Kemerovo, 2016. P. 53-63. [In Russian].

5 Samashev S. Türk Dünyasındaki Damgalarda Ortak Özellikler [Common Features in the Stigmas in the Turkic World], Uluslararası Türk Kültürü Sempozyumu. Dil-Tarih-Goğrafya [International Symposium on Turkish Culture. Language-History-Geography] Ankara, Turkey, 2019. P. 430-440. [in Turkish]

6 Gülensoy T. Orhun'dan Anadolu'ya türk damgaları [Turkish stamps from Orkhon to Anatolia] (Istanbul, Türk Dünyası Araştırmaları Vakfı, 1989. 179 p.) [in Turkish].

7 Tezcan M. Eski türklerde damga [Old Turkic stamp] (Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Erzurum, 1990, 112 p.) [in Turkish]

8 Dankoff R., Kelly J. Mahmûd.el-Kaşğari. Compendium of The Turkic Dialects (Harvard University Press, Cambridge, 1982, 416 p.)

9 Rashid-Ad-Din. Sbornik letopisej [Collection of chronicles] (V. I, Ch. 1., Akademiya Nauk SSSR, Moscow, 1952, 221 p.) [in Russian]

10 Yaziğizade Ali Efendi. Tevârîh-i Âl-i Selçûk [History of the Seljuks, written in Turkish, by Yaziğizade Ali Efendi, on the orders of Sultan Osmanli Murad II, son of Mohammed I (824-855 of the hegira = 1421-1451)], Manuscript, National Library of France. Department of Manuscripts. Turkish Supplement 737. Available at: https://archivesetmanuscrits.bnf.fr/ark:/12148/cc34672z (accessed 10.10.2020) [in French]

11 Seyyid Lokman. Hünernâme [Hunername] Topkapi Palace Museum Library, Treasury, No. 1523, V. 29b-32a. [in Turkish]

12 Ebülgazi Bahadır Han. Türklerin soy kütüğü [The genealogy of the Turks] (Translator Publications, Istanbul, 1980, 102 p.) [in Turkish]

13 Bartol'd V.V. Sochineniya. Tom 2. Chast' 1. Obshchie raboty po istorii Srednej Azii. Raboty po istorii Kavkaza i Vostochnoj Evropy [Compositions. Volume 2. Part 1, General works on the history of Central Asia. Works on the history of the Caucasus and Eastern Europe] (Nauka, Moscow, 1963, 1024 p.) [in Russian].

14 Kononov A.N. Rodoslovnaya Turkmen. Sochinenie Abu-l-Gazi Hana Hivinskogo [Pedigree of Turkmen. Composition of Abu-l-Gazi Khan Khiva] (USSR Academy of Sciences, Moscow, 1958, 285 p.) [in Russian].

15 Rogozhinskij A.E. Srednevekovye tamgi-petroglify yuzhnogo Kazahstana i Semirech'ya. Tamgi doislamskoj Central'noj Azii. Samarkand [Medieval tamgas-petroglyphs of South Kazakhstan and Semirechye. Tamgas of pre-Islamic Central Asia] (MITSAI, Samarkand, 2019, 295 p.) [in Russian]

16 Ağasıoğlu F. Azərbaycan türklərinin İslamaqədərki tarixi. Doqquz Bitik. III Bitik. Azərbaycanda qurulan qədim dövlətlər [Pre-Islamic history of Azerbaijani Turks. Nine Inscriptions. III Inscription. Ancient states established in Azerbaijan] (Agridag Publishing House, Baku, 2014, 310 p.) [in Azerbaijani language]

17 Karatayev O.K., Kalkan M. Kırgızların-oguzların (Türkmenlerın) tarıhı ve etnık bagları [History and ethnic bonds of the Kyrgyz-oguz (Turkmens)], Sosyal Bilimler dergizi [Journal of Social Sciences] KTMY. Bishkek, 2003. P. 199-207. [In Turkish].

18 Aksoy M. Tarihin sessiz dili damgalar [The silent language of history marks] (Istanbul, 2014, 440 p.) [in Turkish]

19 Azhigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kul'tury Evrazii (pamyatniki Aral'sko-Kaspijskogo regiona) [Nomad architecture is a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)] (Gylym, Almaty, 2002, 654 p.) [in Russian]

20 Margulan A. «Tamgaly tas» zhazuy. Orta gasyrda kazaksha taska bederlengen beligler [The inscription «Tamgaly tas». Signs embossed on Kazakh stone in the Middle Ages], Zhuldyz zhurnaly [Zhuldyz journal], 1, P. 132-137(1984). [in Kazakh]

21 Akchokrakly O. Tatarskie tamgi v Krymu [Tatar tamgas in Crimea] (Simferopol', 1927, 16 p.) [in Russian]

22 Güllüdağ N. Türklerde Damga Geleneği ve Nogay Türkleri'nin Damgaları Üzerine Bir İnceleme [Tradition and Nogay Turks in Turkey Stamp Stamp], Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi [Eurasian Journal of International Studies], 3(6) Turkey, P. 132-150 (2015). [in Turkish]

**Автор туралы мәлімет:**

***Самашев Самат Қайроллаұлы*** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Археология және этнология» мамандығының докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Samashev Samat Kairollayevich*** – Ph.D. student of the Archaeology and Ethnology specialty at the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.